



Автор: Әйгерім Бәкірова Нұрланқызы

Пән: Химия

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Атомдар. Молекулалар. Заттар

Тақырып: Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.2.2-әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу 7.1.2.3-элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу 7.1.2.4- заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар химиялық элемент белгілі бір атом түрі екендігін біледі. Химиялық элемент таңбасын есте сақтайды
Тілдік мақсаттар:	-Оқушылар химиялық элемент таңбасын жазады. Химиялық тілде сөйлеу дағдысы қалыптасады
Күтілетін нәтиже:	Әртүрлі деңгейдегі оқушыларды түгел қамту үшін “жеңілден күрделіге қарай” бағытталған топтық, жұптық тапсырмалар арқылы жұмыс жасау арқылы өз білімін кең қолдана алуын қамтамасыз ету
Бағалау критерийлері:	Смайлик арқылы, басбармақ әдісі
Құндылықтарды дарыту:	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	«Асық» ойыны арқылы оқушылар бір-біріне жақсы лебіздер айтып, сыныпта ынтымақтастық атмосферасын орнату. І. Қызығушылықты ояту.	
Сабақтың ортасы (25 минут)	Тапсырма 1. Жеке жұмыс Кестеде элементтің атауы берілген таңбасын, латынша атауын жазыңыз Атауы Таңбасы Латынша атауы Сутек Оттек Хлор Фосфор Күкірт Дескриптор – символдары арқылы химиялық элементтерді атайды; – атауы бойынша элементтің химиялық символын көрсетеді. Бағалау «Жасыл қалам» тәсілі арқылы оқушылар өзара бірін-бірі бағалайды Жеке жұмыс Деңгейлік тапсырмалар : 1. Атом дегеніміз не? 2. Мына элементтерді Na, B, Cl, Al, O, H, Ca, Au металдар мен бейметалдарға жіктеңіз 3. Жай заттарға анықтама беріп, мысал келтіріңдер 4. Күрделі заттарға анықтама беріп, мысал келтіріңдер 5. Металдар мен бейметалдардың айырмашылығы неде Тапсырма 3 «Глоссарий» әдісі бойынша оқулықпен, дәптермен жұмыс Жұптық жұмыс №2 сұраққа жауап жазу Қай тұжырымда химиялық элемент, қайсысында жай зат туралы сөз болады? А) азот пен оттегі ауаның негізгі бөлігін құрайды Ә) жер қыртысының жартысы оттектің үлесіне тиеді Б) азот өсімдіктің өсуіне қажет В) гелий ең алғаш күннен табылды Жай зат Химиялық элемент Дескриптор. 1. Жай және күрделі заттарды жіктеп кестені толтырады «Басбармақ» дісі арқылы бағалау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10 мин)	Топтық жұмыс. «Сұрақтар жаңбыры» әдісі Оқушылар талқылауғаарналған сұрақ дайындап,топтар бір-біріне лақтырады.Жауабын жазыпкері лақтырады. Тапсырма 4«Бірге жазамыз, бірге талдаймыз» әдісіарқылы топтық жұмыс 1 топ Химиялық элементтердің латынша атауының медицинадағы мағыздылығы 2топ Химиялық элементтердің күнделікті өмірде кездесуіне мысал келтіріңдер 3топ Химиялық элемент пен жай заттардың ерекшелігі Постер қорғау Дескриптор: 1.Химиялық элементтердің медицина саласында кездесетінін түсіндіреді 2. Күнделікті өмірмен байланыстырып, химиялық элементтерге мысал келтіреді. «Бағдаршам» арқылы бағалау	
Рефлексия	Оқушылардың сабақ басындағы ауызша және жазбаша сұрақтарының жауаптарын бақылай отырып смайликтермен бағалау. Өзін-өзі бағалайды Басбармақ арқылы Бағдаршам арқылы бағалайды	